

БЕКІТЕМІН: 
«ЕСКАМ» ЖШС «Өркен балабақшасы»
Менгерушісі: Г.Б.Жылқайдарова
«02» «09» 2024 ж

*Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2024 – 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған
іс-әрекеттің перспективалық жоспары*

ТҮСІНІК ХАТ

2024-2025 оқу жылында ортаңғы тобына арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту процесі төмендегі **нормативті-құқықтық құжаттарын басшылыққа алып, ұйымдастырылады:**

-Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті Стандарты;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығының 2 қосымшасы;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығымен (өзгерістер мен толықтырулар) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы;

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығына «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы»

- Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мектепалды мен мектепалды сыныптарында 2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хаты («Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми-әдістемелік кеңесінің 2024 жылғы 26 шілдедегі №7 хаттамасы).

рет №	Ұйымдастырылған іс-әрекет *	Жас топтары
		Ортаңғы топ (3 жастағы балалар)
1	Дене шынықтыру	Аптасына үш рет
	Дене шынықтыру**	Күнсайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	Күнсайын
	Қазақ тілі	Аптасына бір рет
	Қазақ тілі ***	Күнсайын
3	Сауат ашу негіздері	-
4	Математика негіздері	Күн сайын
5	Қоршаған ортамен таныстыру	Күнсайын
6	Сурет салу	Күнсайын
	Мүсіндеу	
	Жапсыру	
	Құрастыру	
7	Музыка	Аптасына бір рет
	Музыка ****	Күнсайын

Ескерту:

* Ұйымдастырылған іс-әрекет – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекітуді туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытыне ескере отырып, балалардың қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлыққа ғидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

** Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

***Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауыз екі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

****Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде

2024-2025оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Жоспардың құрылу кезеңі: Қыркүйек, 2024ж

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері	Күтілетіннәтиже:
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Дауысты (а, ә) дыбыстарды анық айту. Сөздік қор: Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту. Тілдің грамматикалық құрылымы: Сөздерді жіктелуіне қарай байланыстыру. Байланыстырып сөйлеу: Суреттерді, заттарды қарастыруда балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету.	дауысты дыбыстарды анық айтады; қоршаған ортаға қатысты әртүрлі сұрақтарға жауап береді; сөздерді жіктелуіне қарай байланыстырады; өз ойын айтады;
Көркем әдебиет	Кітаптарға қызығушылықты ояту. Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау.	кітаптардағы суреттерді өз бетінше, басқа балалармен бірге қарастырады; көрген суреттері бойынша өз ойын айтады;
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта: Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарымқатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында дұрыс сөйлесуді үйрету. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты дамыту. Сөздік қор: Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы: Жуан түбір сөздерді ажырату. Байланыстырып сөйлеу: Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту.	ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнайды; қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолданады; күнделікті жиі қолданылатын сөздердің мәнін түсінеді және оларды ауызекі сөйлеуде өз бетінше дұрыс қолданады; күнделікті жиі қолданылатын сөздердің мәнін түсінеді және оларды ауызекі сөйлеуде өз бетінше дұрыс қолданады; сөздерді ажыратады; ауызекі сөйлеуде өз бетінше дұрыс қолданады;
Математика негіздері	Сан: «Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру. Шама: Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыру. Геометриялық фигуралар: Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш таныстыру. Кеңістікті бағдарлау: Өзінің дене мүшелерін бағдарлау. Уақытты бағдарлау: Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде.	«бір», «көп» ұғымдарын ажыратады; екі затты белгілі өлшемі бойынша салыстырады; геометриялық фигураларды зерттейді, атайды; өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтайды; қарама-қарсы тәулік бөліктерін біледі.

Құрастыру	Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру. Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету, бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу. Ойнап болғаннан кейін	құрастыруды қызығушылықпен орындайды; құрылыс бөліктерін ажыратады және атайды; ойнап болған соң құрылыс бөлшектерін жинайды;
	бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.	
Сурет салу	Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (көгөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар) заттарды бейнелеу. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.	сурет салу техникасының бастапқы дағдыларына ие; сызықтарды, штрихтарды, дақтарды, бояуларды ретімен қолдана біледі; пішіндерді бояудың бастапқы дағдыларын игерген; сурет

		салуда салуда ұқыптылық танытады, қауіпсіздікті сақтайды;
Мүсіндеу ***	Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көгөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азықтүлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.	заттарды мүсіндеуге қызығады; сазбалшықтың және ермексаздың қасиеттерін біледі; мүсіндеудің әртүрлі тәсілдерін пайдаланады; мүсіндеуге қажетті негізгі техникалық дағдыларды игерген; мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтайды; жұмысты ұқыпты жасауға тырысады;
Жапсыру	Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру. Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.	желімдеу техникасының бастапқы дағдыларын игерген; бейнеленетін заттарға сәйкес түрлі-түсті қағаздардан дайын пішіндерді таңдай алады; желім қалдықтарын сүрту үшін майлықты пайдаланады;

Музыка	Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру. Музыка тыңдау: Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. Ән айту: Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында ән айту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындауға үйрету. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру: Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.	музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдайды; музыканы тыңдау дағдыларын меңгерген; музыка жанрлары: ән мен маршты, биді таниды; музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдайды, музыканың сипатын түсінеді; әннің қарқынына сәйкес топпен қосылып ән айтады; музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз ре-ля бірінші октаваның диапазонында ән айтады; қазақ халқының қарапайым би қимылдарын біледі; балалар музыка аспаптарын біледі, оларда ойнайды.
Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі: «Мен» бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге үйрету. Заттық әлем: Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру. Көлік, байланыс құралдары: Көлік құралдарының түрлерімен таныстыру. Еңбекке баулу: Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. Адамгершілік және патриоттық тәрбие: Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес» туралы қарапайым түсініктерді дамыту, Менің Отаным – Қазақстан: Балалар тұратын қала мен ауыл, еліміздің	отбасы мүшелері мен өзіне жақын адамдардың есімдерін атайды; көлік құралдарын атайды; балабақша және балабақша қызметкерлері туралы түсінігі бар; тұратын қаласы мен ауылы туралы түсініктерге ие; «дұрыс» немесе «дұрыс емес» туралы қарапайым түсініктерге ие; туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы түсініктерді меңгерген; үй жануарлары мен жабайы жануарларды таниды;
	астанасы туралы білімдерін қалыптастыру. Өсімдіктер әлемі: Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Жануарлар әлемі: Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер: Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық). Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау: саңырауқұлақтар мен жидектерді жемеу, жануарларға тиіспеу керектігін үйрету.	табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқайды және атайды; топта, серуенде және табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтайды;

Денешынықтыру **	Негізгі қимылдар: Жүру. тізені жоғары көтеріп жүру; Тепе-теңдікті сақтау. арқан бойымен жүру бойымен жүру. Жүгіру. сапта бір-бірден жүгіру; Домалату, лақтыру, қағып алу. төменнен екі қолмен көлденең нысанаға домалату. Еңбектеу, өрмелеу. заттарды айналып еңбектеу. Секіру. 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып, құрсаудан құрсауға секіру. Сапқа тұру, қайта сапқа тұру. бір-бірінің жанына сапқа тұру. Ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау. Жалпы дамытушы жаттығулар: Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру; Кеудеге арналған жаттығулар: солға, оңға бұрылу (отырған қалыпта); Аяққа арналған жаттығулар: аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою; Қимылды ойындар: балаларды қарапайым ережелерді сақтауға үйрету. Дербес қимыл белсенділігі: Арбалармен өз бетінше ойнауға ынталандыру. Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті шеңбер бойымен тебу. Мәдени- гигиеналық дағдыларды қалыптастыру: Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары: Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен шешінуге баулу. Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру: Сезім мүшелерінің ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру (ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау). Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету.	тізені жоғары көтеріп жүреді; жүруде тепе-теңдікті сақтайды; сапта бір-бірлеп жүгіреді; көлденең нысанаға заттарды лақтырады; допты жоғары-төмен лақтырады, қағып алады; жалпы дамытушы жаттығулардың орындалу ретін сақтайды; қимылды ойындарды қызығып ойнайды; күнделікті гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін біледі; өзіне-өзі қызмет көрсетудің бастапқы дағдыларына ие; салауатты өмір салты туралы түсініктерге ие; үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын біледі; үш дөңгелекті велосипед тебу дағдыларын меңгерген;
--------------------------------	--	---

Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Дауысты (е, о) дыбыстарды анық айту. Сөздік қор: сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін сөздермен	дауысты дыбыстарды анық айтады; дұрыс сөйлеу қарқынына ие;
	байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы: сөздерді септелуіне қарай байланыстыру. Байланыстырып сөйлеу: тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету.	сөздерді септелуіне қарай байланыстырады; өз ойын айтады;
Көркем әдебиет	Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу.	әдеби шығармалардың мазмұнын тыңдайды және түсінеді; сюжетті эмоционалды қабылдайды, кейіпкерлерге жанашырлық танытады;
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта: дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге үйрету. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту. Сөздік қор: Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөпе», «аға», «апа») айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы: жіңішке түбір сөздерді ажырату, Байланыстырып сөйлеу: Балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру.	күнделікті жиі қолданылатын сөздердің мәнін түсінеді және оларды ауызекі сөйлеуде өз бетінше дұрыс қолданады; сөз тіркестерінің мәнін түсінеді, оларды өз бетінше құрайды; туыстық қатынасты білдіретін сөздерді түсінеді және атайды; сөздерді ажыратады;
Математика негіздері	Сан: заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу (біреу-көп). Шама: Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру. Геометриялық фигуралар: Балаларды геометриялық фигуралармен: шаршы таныстыру. Кеңістікті бағдарлау: Өзінің дене мүшелеріне байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында. Уақытты бағдарлау: Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: таңертеңкешке.	«бір», «көп» ұғымдарын ажыратады; жаңаны тануға ұмтылады, заттарды қызығып, қуанып зерттейді; ұстау және көру тәсілдері арқылы геометриялық фигураларды зерттейді, атайды; өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтайды; қарама-қарсы тәулік бөліктерін біледі.
Құрастыру	Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бірбірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу. Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.	құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап, зерттейді; өзі құраған құрылысымен ойнайды; ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыра алады; ойнап болған соң құрылыс бөлшектерін жинайды;

Сурет салу	Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу. Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету. Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.	сурет салу техникасының бастапқы дағдыларына ие; негізгі түстерді дұрыс атайды; пішіндерді бояудың бастапқы дағдыларын игерген; сурет салуда салуда ұқыптылық танытады, қауіпсіздікті сақтайды;
-------------------	---	---

Мүсіндеу	Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар). Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.	мүсіндейтін затты зерттейді; мүсіндеудің әртүрлі тәсілдерін пайдаланады; мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтайды; жұмысты ұқыпты жасауға тырысады;
Жапсыру	Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру. Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту. Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдану. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.	оюдың әсемдігін, оның орналасуын байқайды, олардың элементтерін бөліп көрсетеді; қазақ халқының ыдыс-аяқтары мен тұрмыстық заттарын біледі; желім қалдықтарын сүрту үшін майлықты пайдаланады;
Музыка ***	Музыка тыңдау: Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. Ән айту: Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: барлығымен бір қарқында әнді таза айту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүруге үйрету. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру: ойындарда таныс би қимылдарын қайталау. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Балаларды музыкалық аспаптармен: металлофон, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.	музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдайды; музыканы тыңдау дағдыларын меңгерген; музыкалық және шулы ойыншықтардың, балалар аспаптарының дыбысталуын ажыратады, оларды атайды, қарапайым ырғақпен соғады; сөздерді дұрыс және анық айтады; билейтін әуендерге сәйкес қимылдарды өз бетінше орындайды; балалар музыка аспаптарын біледі, оларда ойнайды.

Қоршаған ортамент аныстыру	Бала, оның отбасы, үйі: әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету. Заттық әлем: заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру. Көлік, байланыс құралдары: ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру. Еңбекке баулу: Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Адамгершілік және патриоттық тәрбие: «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді дамыту. Менің Отаным – Қазақстан: Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру. Өсімдіктер әлемі: Ағаштардың түрін тану және атау. Жануарлар әлемі: Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер: табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық). Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау: қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау, бұтақтарды сындырмау керектігін үйрету.	әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнай алады; көлік құралдарын атайды; балабақша және балабақша қызметкерлері туралы түсінігі бар; мемлекеттік рәміздері туралы бастапқы түсініктерге ие; «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерге ие; тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылық танытады; үй жануарлары мен жабайы жануарларды таниды; табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқайды және атайды; балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тазалық сақтайды.
--	--	--

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтиже:
---	--	---------------------------------

Дене шынықтыру **	Негізгі қимылдар: Жүру. сапта бір-бірден, екеуден (жүппен) жүру; Тепе-теңдікті сақтау. тура жол бойымен жүру. Жүгіру. алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіру; Домалату, лақтыру, қағып алу. оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру. Еңбектеу, өрмелеу. заттардың арасымен еңбектеу. Секіру. заттарды айналып секіру. Сапқа тұру, қайта сапқа тұру. шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау. Жалпы дамытушы жаттығулар: Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артына апарып шапалақтау; Кеудеге арналған жаттығулар: аяқты көтеру және түсіру, аяқтарды қозғалту (шалқасынан жатқан қалыпта); Аяққа арналған жаттығулар: қолдарды алға созып, жартылай отыру. Қимылды ойындар: қимылдарды үйлестіруге үйрету. Дербес қимыл белсенділігі: автомобильдермен өз бетінше ойнауға ынталандыру. Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті оңға бұрылып тебу. Мәдени- гигиеналық дағдыларды қалыптастыру: Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары: тісті тазалауға, ұқыптылыққа баулу. Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру: Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру. Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.	қол ұстасып, жартылай отырып, заттарды айналып жүреді; жүруде тепе-теңдікті сақтайды; бірқалыпты, аяқтың ұшымен, әр түрлі бағытта жүгіреді; допты жоғары-төмен лақтырады, қағып алады; заттардың арасымен еңбектейді; бір-бірден сапқа, шеңберге тұрады, сапта өз орнын табады; жалпы дамытушы жаттығулардың орындалу ретін сақтайды; қимылды ойындарды қызығып ойнайды; күнделікті гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін біледі; өзіне-өзі қызмет көрсетудің бастапқы дағдыларына ие; салауатты өмір салты туралы түсініктерге ие; үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын біледі; үш дөңгелекті велосипед тебу дағдыларын меңгерген;
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Дауысты (ұ) дыбыстарды анық айту. Сөздік қор: заттарды жалпы мына (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) сөздермен байыту.	дауысты дыбыстарды анық айтады; Қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолданады; зат есімдерді үстінде тәрізді

	Тілдің грамматикалық құрылымы: зат есімдерді үстінде тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану. Байланыстырып сөйлеу: шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету.	көмекші сөздермен бірге қолданады; көрген суреттері бойынша өз ойын айтады;
Көркемәдебиет	Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау. Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру.	әдеби шығарма кейіпкерлерінің дауыс ырғағы мен мәнерлігін оларға еліктеп, жеткізеді; оқылған шығармадан қызықты үзінділерді, сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтады;
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта: бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге үйрету. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Көрнекілікпен өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Сөздік қор: Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («іні», «қарындас») айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы: Жуан және жіңішке түбір сөздерді көпше түрде қолдануға үйрету. Байланыстырып сөйлеу: Алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтауға үйрету.	туыстық қатынасты білдіретін сөздерді түсінеді және атайды; сөз тіркестерінің мәнін түсінеді, оларды өз бетінше құрайды; күнделікті жиі қолданылатын сөздердің мәнін түсінеді және оларды ауызекі сөйлеуде өз бетінше дұрыс қолданады; сөздерді көпше түрде қолданады;
Математика негіздері	Сан: біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету. Шама: заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру арқылы салыстыру. Геометриялық фигуралар: Балаларды геометриялық фигуралармен: дөңгелекпен таныстыру. Кеңістікті бағдарлау: Өзінің дене мүшелеріне байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: алдында-артында. Уақытты бағдарлау: Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде.	біртекті заттарды топтастырады және олардың біреуін бөліп көрсетеді; біртекті заттарды топтастырады және олардың біреуін бөліп көрсетеді; ұстау және көру тәсілдері арқылы геометриялық фигураларды зерттейді, атайды; өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтайды; қарама-қарсы тәулік бөліктерін біледі.
Құрастыру	Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату. Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.	ұжымдық құрылыс жасауға қатысады; өзі құраған құрылысымен ойнайды; ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыра алады; ойнап болған соң құрылыс бөлшектерін жинайды;

Сурет салу	Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.	негізгі түстерді дұрыс атайды; қарапайым сюжеттік композицияларды құрайды; тұтас қағаз бетіне бейнені орналастыра алады; сурет салуда салуда
-------------------	---	--

		ұқыптылық танытады, қауіпсіздікті сақтайды;
Мүсіндеу	Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.	мүсіндеудің әртүрлі тәсілдерін пайдаланады; мүсіндеуге қажетті негізгі техникалық дағдыларды игерген; мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтайды; жұмысты ұқыпты жасауға тырысады;
Жапсыру	Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу. Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын оюөрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал жасау. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.	ересектер даярлаған ірі және ұсақ элементтерді орналастырады және желімдейді; геометриялық фигураларды ажыратады, оларды ою-өрнектермен безендіреді; желім қалдықтарын сүрту үшін майлықты пайдаланады;
Музыка ***	Музыка тыңдау: Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. Ән айту: Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: сөздерді анық айту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: шашырап жүруге үйрету. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру: Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына мүмкіндік беру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Балаларды музыкалық аспаптармен: қоңырау, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.	музыкалық және шулы ойыншықтардың, балалар аспаптарының дыбысталуын ажыратады, оларды атайды, қарапайым ырғақпен соғады; сөздерді дұрыс және анық айтады; билейтін әуендерге сәйкес қимылдарды өз бетінше орындайды; балалар музыка аспаптарын біледі, оларда ойнайды.

Қоршағанортамент аныстыру	Бала, оныңотбасы, үйі: өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын үйрету. Заттық әлем: Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру. Көлік, байланыс құралдары: Жаяу жүргіншілерге арналған қарапайым ережелермен таныстыру. Еңбекке баулу: Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге, аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру. Адамгершілік және патриоттық тәрбие: әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр) аудару. Менің Отаным – Қазақстан: Қазақ халқының дәстүрлі киіз үйімен таныстыру. Өсімдіктер әлемі: дала гүлдерінің түрін тану және атау. Жануарлар әлемі: табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер: бақылау күнтізбесінде жылдың күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау: топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау) керектігін үйрету.	әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнай алады; қазақ халқының тұрмыстық заттарын атайды; жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелерді біледі; балабақша және балабақша қызметкерлері туралы түсінігі бар; қазақ халқының дәстүрлі киіз үйін біледі; тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылық танытады; табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылайды; табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқайды және атайды; топта, серуенде және табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтайды;
---	--	---

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтиже:
---	--	---------------------------------

Дене шынықтыру **	Негізгі қимылдар: Жүру. әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен жүру. Тепе-теңдікті сақтау. бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың бойымен жүру. Жүгіру. әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен жүгіру; Домалату, лақтыру, қағып алу. оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру (1-1,5 метр қашықтық). Еңбектеу, өрмелеу. еденге қойылған тақтай бойымен еңбектеу. Секіру. заттардың арасымен секіру. Сапқа тұру, қайта сапқа тұру. Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету. Ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау. Жалпы дамытушы жаттығулар: Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу. Кеудеге арналған жаттығулар: аяқты бұғу және созу (бірге және кезекпен), шалқасынан жатқан қалыптан бұрылып, етпетінен жату және керісінше; Аяққа арналған жаттығулар: тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру; Қимылды ойындар: кеңістікті бағдарлауға үйрету. Дербес қимыл белсенділігі: велосипедтермен өз бетінше ойнауға ынталандыру. Спорттық жаттығулар: Шанамен сырғанау. Мәдени- гигиеналық дағдыларды қалыптастыру: тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары: киіміндегі олқылықтарды байқауға баулу. Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру: «салауатты өмір салты» және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру. Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру.	әр түрлі бағытта жүгіреді; жүруде тепе-теңдікті сақтайды; шеңбер бойымен жүгіреді; оң және сол қолмен қашықтыққа нысанаға заттарды лақтырады; бір-бірден сапқа, шеңберге тұрады, сапта өз орнын табады; жалпы дамытушы жаттығулардың орындалу ретін сақтайды; қимылды ойындарды қызығып ойнайды; күнделікті гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін біледі; өзіне-өзі қызмет көрсетудің бастапқы дағдыларына ие; салауатты өмір салты туралы түсініктерге ие; үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын біледі; шанамен бір-бірін сүйреп ойнайды;
--	---	---

Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: кейбір дауыссыз (п-б, к-қ) дыбыстарды анық айту. Сөздік қор: ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, Тілдің грамматикалық құрылымы: зат есімдерді астында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану. Байланыстырып сөйлеу: Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну.	дауысты дыбыстарды анық айтады; дұрыс сөйлеу қарқынына ие; қоршаған ортаға қатысты әртүрлі сұрақтарға жауап береді; зат есімдерді астында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолданады; ересектердің сөзін тыңдайды және түсінеді, өз ойын айтады;
Көркемәдебиет	Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.	ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнайды; еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің рөлін сомдайды;
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта: сұрақтарға жауап беруге үйрету. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Қазақ тіліне тән ә дыбысын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Сөздік қор: тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы: Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар). Байланыстырып сөйлеу: Әңгімелесе білуге баулу.	қазақ тіліне тән дыбыстарды, осы дыбыстармен берілген сөздерді айтады; күнделікті жиі қолданылатын сөздердің мәнін түсінеді және оларды ауызекі сөйлеуде өз бетінше дұрыс қолданады; сөйлегенде бұйрық райлы етістіктерді жеке қолданады;
Математика негіздері	Сан: қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу. Шама: заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру арқылы салыстыру. Геометриялық фигуралар: ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру. Кеңістікті бағдарлау: Өзінің дене мүшелеріне байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: оң-сол. Уақытты бағдарлау: Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: таңертең-кешке.	қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табады; екі затты белгілі өлшемі бойынша салыстырады; ұстау және көру тәсілдері арқылы геометриялық фигураларды зерттейді, атайды; өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтайды; қарама-қарсы тәулік бөліктерін біледі.
Құрастыру	Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру. Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету, бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.	құрастыруды қызығушылықпен орындайды; құрылыс бөліктерін ажыратады және атайды; ойнап болған соң құрылыс бөлшектерін жинайды;

Сурет салу	Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызылт, көгілдір, сұр) қолдану.Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.	сурет салу техникасының бастапқы дағдыларына ие; негізгі түстерді дұрыс атайды; қарапайым сюжеттік композицияларды құрайды; тұтас қағаз бетіне бейнені орналастыра алады; сурет салуда салуда ұқыптылық танытады, қауіпсіздікті сақтайды;
Мүсіндеу	Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды	қазақ халқының әшекей бұйымдарын біледі; заттар мен бұйымдарды өз бетінше мүсіндей

	мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру. Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.	алады; жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіреді; мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтайды; жұмысты ұқыпты жасауға тырысады;
Жапсыру	Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру. Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сұртуге майлықты қолдану. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.	желімдеу техникасының бастапқы дағдыларын игерген; бейнеленетін заттарға сәйкес түрлітүсті қағаздардан дайын пішіндерді таңдай алады; желім қалдықтарын сұрту үшін майлықты пайдаланады;
Музыка ***	Музыка тындау: Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну. Ән айту: әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру: таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Балаларды музыкалық аспаптармен: сылдырмақ, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.	музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдайды; әннің сипатын береді (көңілді, мұңды, ойнақы, әуенді); билейтін әуендерге сәйкес қимылдарды өз бетінше орындайды; балалар музыка аспаптарын біледі, оларда ойнайды.

Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі: ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту. Заттық әлем: Заттар, ойыншықтар, кітаптар мен ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Көлік, байланыс құралдары: жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру. Еңбекке баулу: Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау. Адамгершілік және патриоттық тәрбие: әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (қамқор, сезімтал және іскер) аудару. Менің Отаным – Қазақстан: Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып, өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту. Өсімдіктер әлемі: кейбір көкөністер мен жемістердің түрін тану және атау. Жануарлар әлемі: Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер: бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау: серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау) ережелерін үйрету.	әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнай алады; жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелерді біледі; балабақша және балабақша қызметкерлері туралы түсінігі бар; тұратын қаласы мен ауылы туралы түсініктерге ие; кейбір көкөністер мен жемістерді дәмінен ажыратады және атайды; үй жануарлары мен жабайы жануарларды таниды; табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқайды және атайды; серуенде және табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтайды;
-----------------------------------	---	--

Жоспардың құрылу кезеңі: Қаңтар, 2025ж

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтиже:
----------------------------------	--	--------------------------

Денешынықтыру**	Негізгі қимылдар: Жүру. «жыланша», шашырап жүру. Тепе-теңдікті сақтау. қырлы тақтайдың бойымен жүру. Жүгіру. «жыланша», шашырап жүгіру; Домалату, лақтыру, қағып алу. аяқтарын алшақ қойып, отырып, 1,5–2 метр қашықтықтан допты бірбіріне домалату. Еңбектеу, өрмелеу. арқанның, доғаның астымен (биіктігі 40 сантиметр) еңбектеу; Секіру. 15-20 сантиметр биіктіктен секіру. Сапқа тұру, қайта сапқа тұру. Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау. Жалпы дамытушы жаттығулар: Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: қолды жоғары, алға, жанжаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен); Кеудеге арналған жаттығулар: иықтарды жоғары көтеріп, қолды жанжаққа созып еңкею (етпетінен жатқан қалыпта). Аяққа арналған жаттығулар: отырып құм салынған қапшықтарды аяқтың бақайларымен қысып ұстау. Қимылды ойындар: «жүгір» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету, Дербес қимыл белсенділігі: доптар мен өз бетінше ойнауға ынталандыру. Спорттық жаттығулар: Шанамен бір-бірін сырғанату; Мәдени- гигиеналық дағдыларды қалыптастыру Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді үйрету. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары: киіміндегі олқылықтарды ересектің көмегімен реттеуге баулу. Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру: Адамның денсаулығына пайдалы (көгөністер, жемістер, сүт өнімдері) тағамдар туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.	бірқалыпты, шашырап жүреді; жүруде тепе-теңдікті сақтайды; әр түрлі бағытта жүгіреді; тұрған орнында қос аяқпен, алға қарай жылжып, биіктіктен және ұзындыққа секіреді; допты жоғары-төмен лақтырады, қағып алады; заттардың арасымен еңбектейді; бір-бірден сапқа, шеңберге тұрады, сапта өз орнын табады; жалпы дамытушы жаттығулардың орындалу ретін сақтайды; қимылды ойындарды қызығып ойнайды; күнделікті гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін біледі; өзіне-өзі қызмет көрсетудің бастапқы дағдыларына ие; салауатты өмір салты туралы түсініктерге ие; үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын біледі; бірлескен қимылды ойындарға қатысады; шанамен бір-бірін сүйреп ойнайды;
	Сауықтыру-шынықтыру шаралары: шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру.	

Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: кейбір дауыссыз (т-д, ж-ш) дыбыстарды анық айту. Сөздік қор: қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу. Тілдің грамматикалық құрылымы: зат есімдерді артында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану. Байланыстырып сөйлеу: сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану.	дауыссыз дыбыстарды анық айтады; қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолданады; зат есімдерді артында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолданады; көрген суреттері бойынша өз ойын айтады;
Көркем әдебиет	Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету. Кітаптарға қызығушылықты ояту.	тақпақтарды, өлеңдерді мәнерлеп жатқа айтады;
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта: өз бетінше кітаптарды қарауға үйрету. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Қазақ тіліне тән ө дыбысын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Сөздік қор: Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы: Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (кел). Байланыстырып сөйлеу: Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге баулу.	кітаптардағы суреттерді өз бетінше, басқа балалармен бірге қарастырады; қазақ тіліне тән дыбыстарды, осы дыбыстармен берілген сөздерді айтады; сөйлегенде бұйрық райлы етістіктерді жеке қолданады; ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап береді, оларды жай сөйлемдермен сипаттайды; қысқа тақпақтар мен санамақтар, жаңылтпаштарды жатқа айтады;
Математика негіздері	Сан: «қанша? неше?» сұрағына жауап беру. Шама: заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру. Геометриялық фигуралар: Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрышпен таныстыру. Кеңістікті бағдарлау: Өзінің дене мүшелерін бағдарлау. Уақытты бағдарлау: Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз түнде.	«бір», «көп» ұғымдарын ажыратады; жаңаны тануға ұмтылады, заттарды қызығып, қуанып зерттейді; екі затты белгілі өлшемі бойынша салыстырады; ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша заттарды салыстырады; ұстау және көру тәсілдері арқылы геометриялық фигураларды зерттейді, атайды; өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтайды; қарама-қарсы тәулік бөліктерін біледі.
Құрастыру	Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу. Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.	құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап, зерттейді; өзі құраған құрылысымен ойнайды; ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыра алады; ойнап болған соң құрылыс бөлшектерін жинайды;

Сурет салу	Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (көгөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар)заттарды бейнелеу. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға,	сызықтарды, штрихтарды, дақтарды, бояуларды ретімен қолдана біледі; қарапайым сюжеттік композицияларды құрайды; сурет салуда салуда
	ұқыптылыққа баулу.	ұқыптылық танытады, қауіпсіздікті сақтайды;
Мүсіндеу	Сазбалшықтан, ермексازдан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көгөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азықтүлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.	заттарды мүсіндеуге қызығады; сазбалшықтың және ермексаздың қасиеттерін біледі; мүсіндеудің әртүрлі тәсілдерін пайдаланады; мүсіндеуге қажетті негізгі техникалық дағдыларды игерген; мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтайды; жұмысты ұқыпты жасауға тырысады;
Жапсыру	Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу. Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал жасау. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.	ересектер даярлаған ірі және ұсақ элементтерді орналастырады және желімдейді; геометриялық фигураларды ажыратады, оларды ою-өрнектермен безендіреді; желім қалдықтарын сүрту үшін майлықты пайдаланады;
Музыка ***	Музыка тыңдау: Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету. Ән айту: Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру: Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Балаларды музыкалық аспаптармен: маракас , сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.	музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдайды, музыканың сипатын түсінеді; әннің қарқынына сәйкес топпен қосылып ән айтады, әнді барлығымен бірге бастайды және аяқтайды; қазақ халқының қарапайым би қимылдарын біледі; билейтін әуендерге сәйкес қимылдарды өз бетінше орындайды; балалар музыка аспаптарын біледі, оларда ойнайды.

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтиже:
Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі: Балаларды отбасы бейнеленген фотосуреттерді қарауға үйрету. Заттық әлем: Әртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану, заттардың атқаратын қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін түсініктерді меңгеру. Көлік, байланыс құралдары: Көлік құралдарының түрлерімен таныстыру. Еңбекке баулу: Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға баулу. Адамгершілік және патриоттық тәрбие: әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (еңбекқор, ұқыпты) аудару. Менің Отаным – Қазақстан: Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруіне ықпал ету. Өсімдіктер әлемі: бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау. Жануарлар әлемі: Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру.	отбасы мүшелері мен өзіне жақын адамдардың есімдерін атайды; әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнай алады; көлік құралдарын атайды; тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылық танытады; үй жануарлары мен жабайы жануарларды таниды; табиғатқа қамқорлық танытады; табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқайды және атайды; топта, серуенде және табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтайды;
	Табиғаттағы маусымдық өзгерістер: Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық). Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау: ойын алаңында қармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру.	

Жоспардың құрылу кезеңі: Ақпан, 2025ж

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтиже:
------------------------------	--	-------------------

Денешынықтыру *	Негізгі қимылдар: Жүру. тапсырмаларды орындай отырып жүру: қол ұстасып жүру. Тепе-теңдікті сақтау. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 сантиметр) бойымен жүру. Жүгіру. белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру, белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру; Домалату, лақтыру, қағып алу. заттардың арасымен, қақпаға домалату. Еңбектеу, өрмелеу. көлбеу модуль бойымен еңбектеу; Секіру. ілініп тұрған затқа қолды тигізіп секіру. Сапқа тұру, қайта сапқа тұру. бір-бірінің жанына сапқа тұру. Ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау. Жалпы дамытушы жаттығулар: Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру; Кеудеге арналған жаттығулар: допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға- оңға) бұрылу; Аяққа арналған жаттығулар: таяқтың, білікшенің (диаметрі 6-8 сантиметр) бойымен қосалқы қадаммен жүру. Қимылды ойындар: «ұста» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету, Дербес қимыл белсенділігі: шарлармен өз бетінше ойнауға ынталандыру Спорттық жаттығулар:Шанамен биік емес төбеден сырғанау. Мәдени- гигиеналық дағдыларды қалыптастыру: орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары:киіміндегі олқылықтарды өз бетінше реттеуге баулу. Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру: Адамның денсаулығына зиянды тағамдар (тәттілер, бәліштер, тәтті газдалған сусындар) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Сауықтыру-шынықтыру шаралары: шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар	қол ұстасып жүреді; жүруде тепе-теңдікті сақтайды; сапта бір-бірлеп, шеңбер бойымен, шашырап, заттарды айналып жүгіреді; биіктіктен және ұзындыққа секіреді; допты жоғары-төмен лақтырады, қағып алады; бір-бірден сапқа, шеңберге тұрады, сапта өз орнын табады; жалпы дамытушы жаттығулардың орындалу ретін сақтайды; қимылды ойындарды қызығып ойнайды; күнделікті гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін біледі; өзіне-өзі қызмет көрсетудің бастапқы дағдыларына ие; салауатты өмір салты туралы түсініктерге ие; үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын біледі; бірлескен қимылды ойындарға қатысады; шанамен бір-бірін сүйреп ойнайды;
	мен массаж жасау.	

Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: кейбір дауыссыз (с-з) дыбыстарды анық айту. Сөздік қор: Балаларға тұсау кесу дәстүрімен таныстыру арқылы олардың алғашқы қадамы ересектерді қуанышқа бөлейтінін жеткізу және оларды ересектердің жақсы көретінін білдіру. Тілдің грамматикалық құрылымы: зат есімдерді жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану. Байланыстырып сөйлеу: ересектермен диалог құру.	дауыссыз дыбыстарды анық айтады; қазақ халқының құндылықтарына қызығушылық танытады; зат есімдерді жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолданады; бір-бірімен, ересектермен сөйлеседі;
Көркем әдебиет	Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау.	кітаптардағы суреттерді өз бетінше, басқа балалармен бірге қарастырады; сюжетті эмоционалды қабылдайды;
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта: өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге үйрету. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Қазақ тіліне тән қ дыбысын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Сөздік қор: Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы: Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (айт). Байланыстырып сөйлеу: Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу.	өзіне айтылған сөздерді ынта қойып тыңдайды және түсінеді; қазақ тіліне тән дыбыстарды, осы дыбыстармен берілген сөздерді айтады; таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, мазмұнын өз бетінше қайталап айтады; сөйлегенде бұйрық райлы етістіктерді жеке қолданады; ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап береді, оларды жай сөйлемдермен сипаттайды;
Математика негіздері	Сан: Заттарды салыстыру: заттарға қосу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру. Шама: салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең сөздерімен белгілеу. Геометриялық фигуралар: Балаларды геометриялық фигуралармен: шаршымен таныстыру. Кеңістікті бағдарлау: Өзінің дене мүшелеріне байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында. Уақытты бағдарлау: Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: таңертең-кешке.	тең және тең емес заттар тобын салыстырады; ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша заттарды салыстырады; ұстау және көру тәсілдері арқылы геометриялық фигураларды зерттейді, атайды; өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтайды; қарама-қарсы тәулік бөліктерін біледі.

Құрастыру	Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату. Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға,	ұжымдық құрылыс жасауға қатысады; өзі құраған құрылысымен ойнайды; ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыра алады; ойнап болған соң құрылыс бөлшектерін жинайды;
------------------	--	--

	ұқыптылыққа баулу.	
Сурет салу	Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу. Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету. Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.	сызықтарды, штрихтарды, дақтарды, бояуларды ретімен қолдана біледі; пішіндерді бояудың бастапқы дағдыларын игерген; сурет салуда салуда ұқыптылық танытады, қауіпсіздікті сақтайды;
Мүсіндеу	Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар). Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.	мүсіндейтін затты зерттейді; мүсіндеудің әртүрлі тәсілдерін пайдаланады; мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтайды; жұмысты ұқыпты жасауға тырысады;
Жапсыру	Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру. Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.	желімдеу техникасының бастапқы дағдыларын игерген; бейнеленетін заттарға сәйкес түрлі-түсті қағаздардан дайын пішіндерді таңдай алады; желім қалдықтарын сүрту үшін майлықты пайдаланады;

Музыка ***	Музыка тыңдау: Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру. Ән айту: Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезеккезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру: ойындарда таныс би қимылдарын қайталау. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Балаларды музыкалық аспаптармен: барабан, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.	музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдайды; музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз ре-ля бірінші октаваның диапазонында ән айтады; билейтін әуендерге сәйкес қимылдарды өз бетінше орындайды; балалар музыка аспаптарын біледі, оларда ойнайды.
Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі: отбасы мүшелерін, олардың іс-әрекеттерін атауға үйрету. Заттық әлем: Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға үйрету. Көлік, байланыс құралдары: ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру. Еңбекке баулу: түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды дайындауға баулу. Адамгершілік және патриоттық тәрбие: жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру. Менің Отаным – Қазақстан: Балабақшада, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу.	отбасы мүшелері мен өзіне жақын адамдардың есімдерін атайды; ойындарды өз бетінше ойнай алады; көлік құралдарын атайды; балабақша және балабақша қызметкерлері туралы түсінігі бар; «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерге ие; тірі және өлі табиғат
	Өсімдіктер әлемі: өсімдік бөліктерін тану. Жануарлар әлемі: табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер: табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық). Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау: ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).	заттары мен құбылыстарына қызығушылық танытады; туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы түсініктерді меңгерген; табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылайды; табиғатқа қамқорлық танытады; табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқайды және атайды; балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тазалық сақтайды.

Жоспардың құрылу кезеңі: Наурыз, 2025ж

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері	Күтілетіннәтиже:
------------------------------	--	------------------

Дене шынықтыру**	Негізгі қимылдар: Жүру. арқаннан ұстап, тоқтап, жартылай отырып жүру. Тепе-теңдікті сақтау. арқан бойымен жүру бойымен жүру. Жүгіру. қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру. Домалату, лақтыру, қағып алу. допты жоғары лақтыру. Еңбектеу, өрмелеу. туннель арқылы еңбектеу; Секіру. тұрған орнынан жоғары секіру. Сапқа тұру, қайта сапқа тұру. шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау. Жалпы дамытушы жаттығулар: Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артына апарып шапалақтау; Кеудеге арналған жаттығулар: солға, оңға бұрылу (отырған қалыпта); Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу. Қимылды ойындар: «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету, Дербес қимыл белсенділігі: Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын орындауға баулу. Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті солға бұрылып тебу. Мәдени- гигиеналық дағдыларды қалыптастыру: Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты қолдануды үйрету; Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары: ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру: дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылдық ойындар) мен ұйқының пайдасы туралы түсінік қалыптастыру. Сауықтыру-шынықтыру шаралары: күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету.	жартылай отырып жүреді; жүруде тепе-теңдікті сақтайды; заттарды айналып жүгіреді; тұрған орнында қос аяқпен секіреді; допты жоғары-төмен лақтырады, қағып алады; заттардың арасымен еңбектейді; бір-бірден сапқа, шеңберге тұрады, сапта өз орнын табады; жалпы дамытушы жаттығулардың орындалу ретін сақтайды; қимылды ойындарды қызығып ойнайды; күнделікті гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін біледі; өзіне-өзі қызмет көрсетудің бастапқы дағдыларына ие; салауатты өмір салты туралы түсініктерге ие; үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын біледі; бірлескен қимылды ойындарға қатысады; үш дөңгелекті велосипед тебу дағдыларын меңгерген;
--------------------------------	--	--

Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту. Сөздік қор: дәстүрге байланысты балалармен ән айту, би билету арқылы байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы: зат есімдерді жекеше түрде қолдану. Байланыстырып сөйлеу: берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру.	дұрыс сөйлеу қарқынына ие; қазақ халқының құндылықтарына қызығушылық танытады; зат есімдерді жекеше түрде сөздермен бірге қолданады; ересектердің сөзін тыңдайды және түсінеді, өз ойын айтады;
Көркем әдебиет	Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу.	әдеби шығармалардың мазмұнын тыңдайды және түсінеді; сюжетті эмоционалды қабылдайды, кейіпкерлерге жанашырлық танытады;
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта: сәлемдесуде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға үйрету. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Қазақ тіліне тән ү дыбысын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Сөздік қор: Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөпе», «аға», «апа») айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы: Сөздерді байланыстырып үйрету. Байланыстырып сөйлеу: Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге баулу.	күнделікті жиі қолданылатын сөздердің мәнін түсінеді және оларды ауызекі сөйлеуде өз бетінше дұрыс қолданады; қазақ тіліне тән дыбыстарды, осы дыбыстармен берілген сөздерді айтады; туыстық қатынасты білдіретін сөздерді түсінеді және атайды; таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, мазмұнын өз бетінше қайталап айтады.
Математика негіздері	Сан: Заттарды салыстыру: заттарға алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру. Шама: салыстыру нәтижелерін ені бойынша кең-тар, бірдей, тең сөздерімен белгілеу. Геометриялық фигуралар: Балаларды геометриялық фигуралармен: дөңгелекпен таныстыру. Кеңістікті бағдарлау: Өзінің дене мүшелеріне байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: алдында-артында. Уақытты бағдарлау: Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде.	тең және тең емес заттар тобын салыстырады; ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша заттарды салыстырады; ұстау және көру тәсілдері арқылы геометриялық фигураларды зерттейді, атайды; өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтайды; қарама-қарсы тәулік бөліктерін біледі.
Құрастыру	Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру. Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету, бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.	құрастыруды қызығушылықпен орындайды; әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар тұрғызады; ұжымдық құрылыс жасауға қатысады; ойнап болған соң құрылыс бөлшектерін жинайды;

Сурет салу	Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану.Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым	негізгі түстерді дұрыс атайды; қарапайым сюжеттік композицияларды құрайды; тұтас қағаз бетіне бейнені орналастыра алады; сурет салудың дәстүрден тыс техникасына
-------------------	--	--

	элементтерін қайталап салуға баулу. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.	қызығушылық танытады; сурет салуда салуда ұқыптылық танытады, қауіпсіздікті сақтайды;
Мүсіндеу ***	Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру. Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.	қазақ халқының әшекей бұйымдарын біледі; заттар мен бұйымдарды өз бетінше мүсіндей алады; жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіреді; мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтайды; жұмысты ұқыпты жасауға тырысады;
Жапсыру	Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру. Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту. Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдану. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.	оюдың әсемдігін, оның орналасуын байқайды, олардың элементтерін бөліп көрсетеді; қазақ халқының ыдыс-аяқтары мен тұрмыстық заттарын біледі; желім қалдықтарын сүрту үшін майлықты пайдаланады;
Музыка	Музыка тыңдау: Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу. Ән айту: сөздерді анық айту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру: Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына мүмкіндік беру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Балаларға арналған музыкалық аспаптарда ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.	музыкалық және шулы ойыншықтардың, балалар аспаптарының дыбысталуын ажыратады, оларды атайды, қарапайым ырғақпен соғады; сөздерді дұрыс және анық айтады; билейтін әуендерге сәйкес қимылдарды өз бетінше орындайды; балалар музыка аспаптарын біледі, оларда ойнайды.

Қоршаған ортамент аныстыру	Бала, оның отбасы, үйі: өзінің отбасы, отбасылық қарым-қатынас туралы әңгімелеп беруге үйрету. Заттық әлем: Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру. Көлік, байланыс құралдары: Жаяу жүргіншілерге арналған қарапайым ережелермен таныстыру. Еңбекке баулу: қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу. Адамгершілік және патриоттық тәрбие: Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді дамыту. Менің Отаным – Қазақстан: Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету). Өсімдіктер әлемі: Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Жануарлар әлемі: Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту.	отбасы мүшелері мен өзіне жақын адамдардың есімдерін атайды; қазақ халқының тұрмыстық заттарын атайды; жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелерді біледі; «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерге ие; туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы түсініктерді меңгерген; үй жануарлары мен жабайы жануарларды таниды; табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқайды және атайды; топта, серуенде және табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтайды;
	Табиғаттағы маусымдық өзгерістер: бақылау күнтізбесінде жылдың көктемгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау: сумен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру.	

Жоспардың құрылу кезеңі: Сәуір, 2025ж

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтиже:
---------------------------	--	-------------------

Денешынықтыру *	Негізгі қимылдар: Жүру. бұрылып, заттарды айналып жүру, Тепе-теңдікті сақтау. тура жол бойымен жүру. Жүгіру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен жүгіру. Домалату, лақтыру, қағып алу. Допты төмен-еденге (жерге) соғу, қағып алу. Еңбектеу, өрмелеу. саты бойымен өрмелеу, Секіру. сызықтан секіру. Секіру. заттардың арасымен секіру. Сапқа тұру, қайта сапқа тұру. Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету. Ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау. Жалпы дамытушы жаттығулар: Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу. Кеудеге арналған жаттығулар: аяқты көтеру және түсіру, аяқтарды қозғалту (шалқасынан жатқан қалыпта); Аяққа арналған жаттығулар: аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою; Қимылды ойындар: қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Дербес қимыл белсенділігі: ептілікті, жылдамдықты дамыту. Спорттық жаттығулар:Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен тебу. Мәдени- гигиеналық дағдыларды қалыптастыру: шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары:Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге баулу. Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру: Дене мүшелері мен ағза жүйесін нығайтатын жаттығулармен таныстыру. Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін	заттарды айналып жүреді; жүруде тепе-теңдікті сақтайды; бірқалыпты, аяқтың ұшымен жүгіреді; ұзындыққа секіреді; допты жоғары-төмен лақтырады, қағып алады; гимнастикалық қабырғаға өрмелейді және одан түседі; сапта өз орнын табады; жалпы дамытушы жаттығулардың орындалу ретін сақтайды; қимылды ойындарды қызығып ойнайды; күнделікті гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін біледі; өзіне-өзі қызмет көрсетудің бастапқы дағдыларына ие; салауатты өмір салты туралы түсініктерге ие; үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын біледі; бірлескен қимылды ойындарға қатысады; үш дөңгелекті велосипед тебу дағдыларын меңгерген;
	орындау дағдыларын қалыптастыру.	

Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: артикуляциялық аспаптарды дамыту. Сөздік қор: жұмбақ шешкізу, жаңылтпаш сөздерімен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы: зат есімдерді көпше түрде қолдану. Байланыстырып сөйлеу: Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану.	дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды анық айтады; дұрыс сөйлеу қарқынына ие; зат есімдерді көпше түрде сөздермен бірге қолданады; естігені, көргені, өзі қолдан жасаған заттары туралы айтады;
Көркем әдебиет	Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау. Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру.	әдеби шығарма кейіпкерлерінің дауыс ырғағы мен мәнерлігін оларға еліктеп, жеткізеді; оқылған шығармадан қызықты үзінділерді, сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтады;
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта: өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға үйрету. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Қазақ тіліне тән ұ дыбысын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Сөздік қор: Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («іні», «қарындас») айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы: Сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім) үйрету. Байланыстырып сөйлеу: Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша өздігінен қайталап айтуға баулу.	күнделікті жиі қолданылатын сөздердің мәнін түсінеді және оларды ауызекі сөйлеуде өз бетінше дұрыс қолданады; қазақ тіліне тән дыбыстарды, осы дыбыстармен берілген сөздерді айтады; қазақ туыстық қатынасты білдіретін сөздерді түсінеді және атайды; таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, мазмұнын өз бетінше қайталап айтады.
Математика негіздері	Сан: «Тең бе?» сауалдарына жауап беру. Шама: салыстыру нәтижелерін биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең сөздерімен белгілеу Геометриялық фигуралар: ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру. Кеңістікті бағдарлау: Өзінің дене мүшелеріне байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: оң-сол. Уақытты бағдарлау: Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: таңертең-кешке.	тең және тең емес заттар тобын салыстырады; ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша заттарды салыстырады; ұстау және көру тәсілдері арқылы геометриялық фигураларды зерттейді, атайды; өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтайды; қарама-қарсы тәулік бөліктерін біледі.

Құрастыру	Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бірбірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу. Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.	құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап, зерттейді; құрылыс бөліктерін ажыратады және атайды; ұжымдық құрылыс жасауға қатысады; ойнап болған соң құрылыс бөлшектерін жинайды;
Сурет салу	Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым	негізгі түстерді дұрыс атайды; қарапайым

	сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.	сюжеттік композицияларды құрайды; тұтас қағаз бетіне бейнені орналастыра алады; сурет салуда салуда ұқыптылық танытады, қауіпсіздікті сақтайды;ы;
Мүсіндеу	Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.	мүсіндеудің әртүрлі тәсілдерін пайдаланады; мүсіндеуге қажетті негізгі техникалық дағдыларды игерген; мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтайды; жұмысты ұқыпты жасауға тырысады;
Жапсыру	Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу. Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал жасау. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.	ересектер даярлаған ірі және ұсақ элементтерді орналастырады және желімдейді; геометриялық фигураларды ажыратады, оларды ою-өрнектермен безендіреді; желім қалдықтарын сүрту үшін майлықты пайдаланады;
Музыка ***	Музыка тыңдау: Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету. Ән айту: әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру: таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Балаларға арналған металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.	музыканы тыңдау дағдыларын меңгерген; музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын ойындарда мәнерлі және эмоционалды жеткізеді; билейтін әуендерге сәйкес қимылдарды өз бетінше орындайды; балалар музыка аспаптарын біледі, оларда ойнайды.

Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оныңотбасы, үйі: жақындарына қамқорлық танытуға баулу. Заттық әлем: Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру. Көлік, байланыс құралдары: жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру. Еңбекке баулу: Өзінің, құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне ұқыптылықпен қарауға баулу. Адамгершілік және патриоттық тәрбие: әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару. Менің Отаным – Қазақстан: Балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға үйрету. Өсімдіктер әлемі: Ағаштардың, дала гүлдерінің түрін тану және атау.	отбасы мүшелері мен өзіне жақын адамдардың есімдерін атайды; әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнай алады; жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелерді біледі; тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылық танытады; туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы түсініктерді меңгерген; үй жануарлары мен жабайы жануарларды таниды; табиғатқа қамқорлық танытады; табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқайды және атайды; топта, серуенде
	Жануарлар әлемі: Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер: табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық). Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау: құммен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау).	және табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтайды; балабақшаның үйжайлары мен ауласында тазалық сақтайды.

Жоспардың құрылу кезеңі: Мамыр, 2025ж

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтиже:
---------------------------	--	-------------------

Денешынықтыру *	Негізгі қимылдар: Жүру. еденге қойылған заттардан аттап жүру, жан-жаққа баяу айналу. Тепе-теңдікті сақтау. бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың бойымен жүру. Жүгіру. сапта бір-бірден жүгіру; Домалату, лақтыру, қағып алу. Допты төмен - еденге (жерге) соғу, қағып алу. Еңбектеу, өрмелеу. гимнастикалық қабырғаға өрмелеу және одан түсу (биіктігі 1,5 метр) Секіру. тұрған орнынан ұзындыққа 40 сантиметр қашықтыққа секіру. Сапқа тұру, қайта сапқа тұру. Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау. Жалпы дамытушы жаттығулар: Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу. Кеудеге арналған жаттығулар: аяқты бүгу және созу (бірге және кезекпен), шалқасынан жатқан қалыптан бұрылып, етпетінен жату және керісінше; Аяққа арналған жаттығулар: қолдарды алға созып, жартылай отыру. Қимылды ойындар: Қимылды ойындарды ойнату. Дербес қимыл белсенділігі: қимылдарды мәнерлі орындауға баулу. Спорттық жаттығулар:Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті оңға және солға бұрылып тебу. Мәдени- гигиеналық дағдыларды қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемей. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары:тісті тазалауға, ұқыптылыққа баулу. Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру: Өзінің денсаулық жағдайы туралы ересектерге айту, науқастанған кезде дәрігерге қаралып, емделу қажеттігін білу Сауықтыру-шынықтыру шаралары: тыныс алу жаттығуларын жасау.	заттарды айналып жүреді; ж үруде тепе-теңдікті сақтайды; сапта бір-бірлеп жүгіреді; тұрған орнында қос аяқпен, алға қарай жылжып, биіктіктен және ұзындыққа секіреді; допты жоғары-төмен лақтырады, қағып алады; гимнастикалық қабырғаға өрмелейді және одан түседі; бір-бірден сапқа тұрады, жалпы дамытушы жаттығулардың орындалу ретін сақтайды; қимылды ойындарды қызығып ойнайды; күнделікті гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін біледі; өзіне-өзі қызмет көрсетудің бастапқы дағдыларына ие; салауатты өмір салты туралы түсініктерге ие; үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын біледі; бірлескен қимылды ойындарға қатысады; үш дөңгелекті велосипед тебу дағдыларын меңгерген;
Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту. Сөздік қор: санамақ айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы: етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.	дұрыс сөйлеу қарқынына ие; қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолданады; етістіктерді қолданады; еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің рөлін сомдайды;

	Байланыстырып сөйлеу: таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту.	
Көркемәдебиет	Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу.	ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнайды; еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің рөлін сомдайды;
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта: Құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбысын өздігінен дұрыс айтуға баулу. Сөздік қор: тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы: Сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және етістік) үйрету. Байланыстырып сөйлеу: Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту.	қазақ тіліне тән дыбыстарды, осы дыбыстармен берілген сөздерді айтады; күнделікті жиі қолданылатын сөздердің мәнін түсінеді және оларды ауызекі сөйлеуде өз бетінше дұрыс қолданады; сөз тіркестерінің мәнін түсінеді, оларды өз бетінше құрайды;
Математика негіздері	Сан: «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру Шама: салыстыру нәтижелерін биіктігі жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу Геометриялық фигуралар: Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру. Кеңістікті бағдарлау: Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол. Уақытты бағдарлау: Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде.	тең және тең емес заттар тобын салыстырады; ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша заттарды салыстырады; ұстау және көру тәсілдері арқылы геометриялық фигураларды зерттейді, атайды; өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтайды; қарамақарсы тәулік бөліктерін біледі.
Құрастыру	Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату. Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.	ұжымдық құрылыс жасауға қатысады; өзі құраған құрылысымен ойнайды; ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыра алады; ойнап болған соң құрылыс бөлшектерін жинайды;
Сурет салу	Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану. Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.	сурет салу техникасының бастапқы дағдыларына ие; қарапайым сюжеттік композицияларды құрайды; сурет салуда салуда ұқыптылық танытады, қауіпсіздікті сақтайды;

Мүсіндеу	Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көгөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азықтүлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.	заттарды мүсіндеуге қызығады; сазбалшықтың және ермексаздың қасиеттерін біледі; мүсіндеудің әртүрлі тәсілдерін пайдаланады; мүсіндеуге қажетті негізгі техникалық дағдыларды
-----------------	--	--

		игерген; мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтайды; жұмысты ұқыпты жасауға тырысады;
Жапсыру	Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру. Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту. Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдану. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу.	оюдың әсемдігін, оның орналасуын байқайды, олардың элементтерін бөліп көрсетеді; қазақ халқының ыдысаяқтары мен тұрмыстық заттарын біледі; желім қалдықтарын сүрту үшін майлықты пайдаланады;
Музыка ***	Музыка тыңдау: Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді) байқауға үйрету. Ән айту: Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: қоян секіреді, құстар ұшады. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру: таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Балаларға арналған металлофонда (бір пластинада) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.	музыканы тыңдау дағдыларын меңгерген; әннің қарқынына сәйкес топпен қосылып ән айтады, әнді барлығымен бірге бастайды және аяқтайды; билейтін әуендерге сәйкес қимылдарды өз бетінше орындайды; музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын ойындарда мәнерлі және эмоционалды жеткізеді; балалар музыка аспаптарын біледі, оларда ойнайды.

Қоршағанортамент аныстыру	Бала, оныңотбасы, үйі: Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау. Заттық әлем: заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру. Көлік, байланыс құралдары: Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру. Еңбекке баулу: Өзінің, құрдастарының суреттеріне, бұйымдарға құрметпен қарауға, оларға ұқыптылықпен қарауға баулу. Адамгершілік және патриоттық тәрбие: жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру. Менің Отаным – Қазақстан: Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Өсімдіктер әлемі: кейбір көкөністер мен жемістердің, бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау. Жануарлар әлемі: табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер: бақылау күнтізбесінде жылдың жазғы мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау: қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау, бұтақтарды сындырмау керектігін үйрету.	дербестік танытады: киінеді, жуынады және тісін тазалайды; көлік құралдарын атайды; «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерге ие; тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылық танытады; кейбір көгөністер мен жемістерді дәмінен ажыратады және атайды; табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылайды; табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқайды және атайды; балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тазалық сақтайды.
----------------------------------	--	--